ХАТТАМА №1

04.09.2020жыл

«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-інде сынып жетекшілерге онлайн-жиналыс болып өтті.

**Қатысқандар:** МДТЖО, Әлеуметтік –педагог, педагог-психолог ,сынып жетекшілер

**Өтілу түрі:** онлайн режимде

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың болмауы қадағалау және оқушыларының қауіпсіздігін сақтау шаралары
2. «Полицияның жас көмекшісі» ерікті топ құрылуы
3. «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз жол» акциясының өтілуі

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша МДТЖО А.Ж.Жекенова:**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, ҰР Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының президентінің жарлығы мен үкімдеріне, Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімдеріне және жергілікті білім бөлімі басқармаларының нұқсқауларына, педагогикалық әдеп қағидаларына, мектеп Жарғысына сүйене отырып ішкі тәртіп қағидалары бойынша мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың болмауы қадағалау және оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді **БҰЙЫРАМЫН**

1. Мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың кірмеуі қадағалау және оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мына төмендегі қызметкерлер жауапкершілік жүктелінсін

1. Жекенова Айнагүл Жаксыбаевна - МДТЖО
2. Турысбекова Балхия Сагынбековна - МДТЖО
3. Ондыбаев Мурат Саламатович - қоғамдық инспектор

4. Кошкинбаева Гльзада Карибаевна - вахтер
5. Ахметова Айсулу Жакияновна - вахтер

2. Жұмыстың өз деңгейде жүргізілу жауапкершілігі мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - А.Ж.Жекенованың міндетіне жүктелгені айтылды.

**2 мәселе бойынша Жекенова А.Ж** «Полицияның жас көмекшісі» ерікті топ құрылуы жайлы таныстырды.

Бүгін мектебімізде «Жасөспірім арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу шараларын қарастыру» мақсатында мектеп жасындағы балалардың, қыздардың арасында да түрлі құқық бұзушылық жасап, қылмысқа ұрынуы, жиі кездесіп жүр. Елімізде орын алған пандемия жағдайларына байланысты, беймезгіл уақытта жүрмеу, ережелерді қатаң сақтау ескертіледі. Мектеп оқушылары арасында кездесетін құқық бұзушылық, бопсалау, зорлық-зомбылық , өз-өзіне қол жұмсау т.б. фактілерінің қоғамға қарсы бағытталған жасөспірімдердің жат қылықтарынан аулақ болуына байланысты мектебімізде «Полицияның жас көмекшісі» ерікті тобы құрылып бұйрықпен бекітілді.

**3 мәселе бойынша Жекенова А.Ж** «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз жол» акциясының өтілуі жайлы ескертілді.

2020 жылдың 20-тамыз бен 20 –қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясының өтілуі туралы Республика көлемінде карантин кезіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында, мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру мақсатында, 1-11 сынып ата-аналарына балалар қауіпсіздігі туралы презентация арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізді. Кезекші 1-сынып жетекшілері «Мен мектепке барамын» көшеде, жолда жүру қауіпсіздігі, үйде, сол сияқты бейтаныс адамдармен араласпау қауіпсіздік туралы таным сабағын өткізді. Жолда жүру қауіпсіздігі бойынша жүргізушілерге «Балалар өмірін сақтаңыз» атты парақшалар таратылды.

**Шешім:**

1. Мектеп ғимараттары мен аумағында бөгде адамдардың болмауы қадағалау және оқушыларының қауіпсіздігін сақтау шараларын қадағалау өзіме жүктелсін.

2.«Полицияның жас көмекшісі» ерікті топ құрылып жұмысы жасақталсын.

3. «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз жол» акциясының өтілуі сынып жетекшілерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы: Жекенова А.Ж.

Жиналыс хатшысы: Дүйсен Ж.Д



